

|  |  |  |
|--|--|--|
| <p>Қазақстан Республикасы Денсаулық сактау министрлігінің Тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің сапасы мен қауіпсіздігін бақылау комитеті «Қазақстан Республикасы Денсаулық сактау министрлігінің Тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің сапасы мен қауіпсіздігін бақылау комитеті Шығыс Қазақстан облысының тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің сапасы мен қауіпсіздігін бақылау департаменті» республикалық мемлекеттік мекемесі</p> |  | <p>Нысанның БҚСЖ бойынша коды<br/>КҰЖЖ бойынша ұйым коды</p> <p>Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлік мамирдағы № 415 бұйрығымен бекітілген № 015/u нысанды медициналық құжаттама</p> |
|--|--|--|

**Шығыс Қазақстан облысы аумағында  
қатаң шектеу шараларын ұзарту туралы**  
**№ 20**  
**ҚАУЛЫ**

**2020 жылғы 02 тамыз**

**Өскемен қаласы**

Мен, Шығыс Қазақстан облысының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігері М. А. Исмаилов, Шығыс Қазақстан облысы халқының арасында COVID-19 коронавирустық инфекциясының (бұдан әрі – COVID-19) таралуының алдын алу мақсаатында,

«Денсаулық сактаудың кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сактау министрлік мамирдағы № 06/ҚР ДСМ-45/2020 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 20596 тіркелген) енгізілген өзгерістер мен толықтырулармен, «Пайда болу және таралу қаупі төнген кезде шектеу іс-шаралары, оның ішінде карантин енгізілетін инфекциялық аурулардың тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлік мамирдағы № 25 ақпандағы № 130 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10527 болып тіркелген);

«Денсаулық сактаудың кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сактау министрлік мамирдағы № 06/ҚР ДСМ-45/2020 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 20596 тіркелген) енгізілген өзгерістер мен толықтырулармен, «Қазақстан Республикасының аумағында шектеу іс-шараларын, оның ішінде карантинді жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлік мамирдағы № 20 наурыздағы № 239 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10826 болып тіркелген);

«Қазақстан Республикасының халқы арасында коронавирустық инфекциямен аурулардың алдын алу жөніндегі шараларды одан әрі қүшешту туралы» Қазақстан Республикасы Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің 2020 жылғы 25 маусымдағы № 43 қаулысына;

«Қатаң карантиндік шектеу шараларын енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің 2020 жылғы 03 шілдедегі № 44 қаулысына;

«Қазақстан Республикасы Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің 2020 жылғы 26 маусымдағы №43 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің 2020 жылғы 27 шілдедегі № 46 қаулысына;

Шығыс Қазақстан облысындағы коронавирустық инфекция бойынша санитарлық-эпидемиологиялық ахуал туралы жедел мәліметтеріне сәйкес,

COVID-19 науқастарына арналған инфекциялық стационарлардың төсек корының қамтылу пайызы (ТҚҚП) өлшемшарттары – 29,5% және соңғы 7 күн ішінде  $R>1.02$  репродуктивті санының орташа мәні негізінде, **анықтадым**.

«Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасы Кодексінің 38 бабы 1 - тармағының 4) тармақшасы, 2-тармағының 3) тармақшасы және 102,104 бабтары негізінде,

### **ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:**

1. Шығыс Қазақстан облысының аумағында шаруашылық және (немесе) өзге де қызметтің және халықтың өмірінің ерекше шарттарымен бұрын қабылданған және енгізілген **қатаң шектеу шаралары 2020 жылғы 03 тамыз сағат 00.00-ден 2020 жылғы 17 тамыз сағат 00.00-ге дейін ұзартылсын**.

Шектеу іс-шараларының режимі мен мерзімі облыс аумағында коронавирустық инфекцияның (COVID-19) таралуы бойынша жағдайдың өзгеруіне сәйкес өзгертуі мүмкін.

2. Осы қаулы меншік нысанына қарамастан барлық жеке және занды тұлғалардың орындауы үшін міндетті.

3. Қалалардың, аудандардың Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерлері қалыптасқан эпидемиологиялық жағдайға байланысты шектеу шараларын қатаңдату туралы шешім қабылдауға құқылы.

4. Осы қаулы барлық мұдделі ведомстволар назарына жеткізілсін, халықты БАҚ және әлеуметтік желілер арқылы хабардар етсін.

5. Осы қаулының орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

6. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді және оның ресми күші жойылғанға дейін қолданылады.

М. О.  
**Шығыс Қазақстан облысының**  
**Бас мемлекеттік санитариялық дәрігері**  
(тегі, аты, әкесінің аты, қолы)

Каулыны алдым

**М. Исмаилов**

(лауазымы, тегі, аты, әкесінің аты, алған күні, қолы)